

«Талпын» инклюзивті оқалту балабақшасы

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің І-отырысының хаттамасы

Откізілген күні: 16.09.2025 жыл.

Откізілген орны: Балабақша әдістемелік бөлмесі.

Төрайымы: Балабақша директоры - Махутова М.Х.

Хатшы: Балабақша тәрбиешісі - Басбаева А.О.

Қатысқандар:

Атабаева Н.О. төрайым, психолог -
Аманжол Б.Б., СММ маманы - Сукалова В. муз.т. - Кайырова
Т.Жолдас - Муайысов Т, муз.пр. - Қашымжанов Н.

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ туралы ереже, ППҚҚ жылдық жұмысының жоспары);
2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындыларын талдау;
3. ЕББҚ бар балаларға арналған жеке дамыту бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру алгоритмін бекіту;

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы М.Х. Махутова балабақша меңгерушісінің бұйрығымен құрылған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) құрамы, мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ ППҚҚ туралы ереже және 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының негізгі бағыттары туралы баяндады. Жоспарда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың даму динамикасын жүйелі мониторингтеу және ата-аналар мен тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету мәселелерін ерекше атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшадағы педагог-логопеді Н.О. Атабаева ақпарат берді. Балабақшада мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындылары мен ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдармен таныстырды.

Балабақшада барлығы 12 бала ПМПК қорытындысымен тіркелген. ПМПК қорытындысы бар 12 бала білім алады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша арнайы педагог жеке дамыту бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеу және жүзеге асыру тәртібімен таныстырды.

Бағдарламалар баланың даму деңгейін ескеріп, командалық бағалау мен ПМПК ұсынымдары негізінде құрастырылады.

ЖДБ жартыжылдық кезеңмен жоспарланып, нәтижелері бойынша даму динамикасы талданады.

Жеке оқу жоспарлары келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп әзірленгені атап өтілді:

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы және ҚР БҒМ МДОБК-нің 04.04.2022 ж. № 1-6/543 әдістемелік нұсқау хаты;

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер ППҚҚ жұмысы барысында жүргізілуі тиіс құжаттардың тізімін нақтылады:


ППҚҚ жылдық жоспары мен хаттамалары;
Мамандардың жеке жұмыс жоспарлары (дефектолог, логопед, психолог);
Түзете-дамыту бағдарламаларының жоспары және қатысу журналы;
Балалардың түзете даму бағдарламалары мен мониторинг парақтары;
Ата-аналармен кеңес беру журналдары.


Ұсыныстар:

- Балабақшадағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту;
- ПМПК қорытындыларына сәйкес ЕББҚ бар балаларға жеке дамыту бағдарламалары дайындалсын;
- Мамандар жүргізген түзете-дамыту бағдарламаларының нәтижелері жартыжылдық қорытынды отырыстарда қаралсын;
- Ата-аналарға тұрақты түрде кеңес беру ұйымдастырылсын;
- ППҚҚ қызметі ҚР №130 және №92 бұйрық талаптарына сәйкестендірілсін.

Шешімдер:

- ППҚҚ құжаттары бекітілсін және жылдық жоспар бойынша жұмыс басталсын.
- ПМПК қорытындысы бар балалардың тізімі мен жеке дамыту бағдарламалары қыркүйек айының соңына дейін әзірленсін.
- Әр маман (логопед, дефектолог, психолог) өз бағыты бойынша жеке және топтық, шағын топтық түзете-дамыту сабақтарын өткізсін.
- ППҚҚ қызметінің аралық (қаңтар) және жылдық (мамыр) қорытынды отырыстарында даму динамикасы талқылансын.

ППҚҚ төрайымы:  Махутова М.Х.

Хатшы:  Басбаева А.О.

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 22.09.2025 жыл.

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік бөлмесі.

Төрайымы: Балабақша директоры - Махутова М.Х.

Хатшы: Балабақша тәрбиешісі - Басбаева А.О.

Қатысқандар:

пер.лог/д - Басбаева А.О., пер.рефер - Дыжабаева Б.Б., ЕРМ маман,
Смаилов А.С., муз.м. - Қайыпманов Б.Б., муз. пер - Қайыпманов А.А.
Тәрбиеші - Басбаева А.

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) балалардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін диагностикалық кезең нәтижелері бойынша қарастыру;
2. Бірінші жартыжылдыққа арналған жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларын бекіту;
3. Командалық бағалау нәтижелері бойынша түзете-дамыту сабақтарының мазмұнын, ұйымдастыру формасын, ұзақтығы мен жиілігін анықтау;
4. Балабақшада анықталған ЕББҚ бар тәрбиеленушілердің тізімін бекіту;
5. Тәрбиешілерге әдістемелік қолдау көрсету: ЕББҚ бар балаларға арналған бейімделген оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру және сараланған тапсырмаларды әзірлеу.

Тыңдалды:

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-ші отырысын ІІПКҚ төрайымы ашып, қыркүйек айында жүргізілген диагностикалық кезеңнің аяқталғанын хабарлады.

Бұл кезең білім алушыларды, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту барысында туындайтын қиындықтарды анықтау және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мақсатында ұйымдастырылғаны айтылды.

Төрайым өз сөзінде жүргізілген зерттеу нәтижелері ЕББҚ бар балалардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі, танымдық және сөйлеу дағдылары бойынша нақты деректер алуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Сонымен қатар, алынған мәліметтер жеке оқу бағдарламаларын әзірлеуге және оқу бағдарламаларын бейімдеуге, түзете-дамыту сабақтарының мазмұнын айқындауға, сабақтарды ұйымдастыру формалары мен олардың ұзақтығы мен жиілігін белгілеуге негіз болатыны айтты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша алдымен арнайы педагог сөз сөйлеп, балалардың жалпы ортаға әлеуметтену ерекшеліктерін (нұсқауларды орындау, ұйымдастырылған іс-әрекетке қабілеттілік, балалармен қарым-қатынас), сондай-ақ сенсорлық және моторлық жүйесін (көру және есту қабылдауы, ірі және ұсақ моторика, сенсорлық тітіркендіргіштерге сезімталдық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары) тексергенін баяндады. Арнайы педагог жеке оқу бағдарламаларын құрастыру мақсатында зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балаларға дамындағы қиындықтарын анықтау үшін педагогикалық диагностика жүргізілгенін атап өтті.

Одан кейін логопед сөз алып, балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейіне тоқталды. Ол балалардың сөздік қорын, грамматикалық құрылымдарды қолдану қабілетін, байланыстырып сөйлеуін, сөйлеуді түсінуін, фонематикалық түсініктерді меңгеруін, сөйлеу қарқыны мен ырғағын бағалау нәтижелерін ұсынды.

бақылау) және эмоционалды-еріктік саласын бағалау қорытындыларын баяндады. Ол балалардың мазасыздық деңгейіне, мотивациясына, ерікті реттеу дағдыларына, қозу мен тежелу процестерінің теңгерімділігіне тоқталды. Сонымен қатар зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау көлемі мен ойлау операциялары бойынша мәліметтерді ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша алдымен арнайы педагог сөз сөйлеп, ПМПК қорытындысына сәйкес балалардың деңгейіне тоқталды. Бағдарламалар баланың даму деңгейі мен ПМПК қорытындысына сүйене отырып әзірленген. Бағдарламаларға танымдық қабілеттерді дамыту, ұсақ және жалпы моториканы жетілдіру, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру бағыттары енгізілгендігін баяндады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақшаның командалық бағалау нәтижелерін баяндады.

Командалық бағалау барысында әр баланың жеке даму ерекшеліктері ескеріліп, түзету-дамыту бағдарламаларының мазмұны нақтыланды, ұйымдастыру формалары, ұзақтығы мен жиілігі анықталды.

Командалық бағалау қорытындысына сәйкес:

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы сөз сөйлеп, балабақшада анықталған ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) балалардың тізімін ұсынды. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары жүргізген диагностика қорытындысына сәйкес ЕББҚ бар балалардың жеке ерекшеліктері, даму жетістіктері мен дамуындағы қиындықтары айқындалды.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша ақпарат берді. Әдіскер мен ППҚҚ мамандары тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету туралы ақпарат берді.

ЕББҚ бар балалармен күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметі барысында бейімделген тапсырмалар мен ойын элементтерін пайдалану, жеке қолдау көрсету, визуалды және сенсорлық құралдарды қолдану ұсынылды.


Ұсыныс:

Бірінші жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламалары мен түзете-дамыту бағдарламаларын құрастыру және бекіту ұсынылсын.

1. Балабақшада анықталған ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) балалардың тізімін бекіту ұсынылсын.
2. Арнайы педагог, логопед тарапынан түзете-дамыту сабақтарының жүйелі жүргізілуін қамтамасыз ету ұсынылсын.
3. Тәрбиешілерге әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын: оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған тапсырмалар әзірлеу бойынша ұсынымдар беру ұсынылсын.
4. Әр балаға жүргізілген жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарының нәтижелерін жартыжылдықта талдап, ППҚҚ отырысында қарастыру ұсынылсын.

5. Шешім:

1. Бірінші жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламалары мен түзете-дамыту бағдарламалары бекітіліп, сабақ кестесіне енгізілсін.
2. Балабақшада анықталған ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) балалардың тізімі бекітілсін.
3. Арнайы педагог, логопед тарапынан түзете-дамыту сабақтары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Тәрбиешілерге әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын: оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған тапсырмалар әзірлеу бойынша қамтамасыз етілсін.
5. Әр балаға жүргізілген жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарының нәтижелері тоқсан сайын талданып, ППҚҚ отырысында қарастырылсын.

Төрайым:  Махутова М.Х.

Хатшы:  Басбаева А.О.

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің
3-отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 22.12.2025 жыл.

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік бөлмесі.

Төрайымы: Балабақша директоры - Махутова М.Х.

Хатшы: Балабақша тәрбиешісі - Басбаева А.О.

Қатысқандар: Маман - Мамаева Н. педагог дефект
мам. Амабаева Р. Әрм. маман - Суханова Р
муз. т - Хабиганова А. Мед. педагог - Қашманова
Қатыспағандар: жоқ Трошич Муамбаева

КҮН ТӘРТІБІ

- Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму динамикасына мониторинг жасау.
- Диагностика нәтижелері бойынша түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу.
- Екінші жартыжылдыққа жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларын бекіту.

1-Мәселе бойынша

Тыңдалды:

Арнайы педагог бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілердің даму динамикасына жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Мониторинг барысында әр баланың жеке оқу бағдарламасы бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі сараланды. Түзете-дамыту жұмыстары нәтижесінде балалардың танымдық белсенділігінің, сөйлеу тілінің, қарым-қатынас дағдыларының және өзіне-өзі қызмет көрсету қабілеттерінің дамуында оң өзгерістер байқалғаны атап өтілді.

Бірінші жартыжылдық бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері назарға алынсын. Әр тәрбиеленушінің жетістіктері жеке оқу бағдарламаларында белгіленсін. Анықталған қиындықтарды жою мақсатында түзете-дамыту жұмыстары жалғастырылсын.

2-Мәселе бойынша

Тыңдалды:

Педагог-психолог пен педагог-логопед диагностикалық зерттеу нәтижелерін ұсынды. Балалардың даму деңгейін бағалау нәтижесінде кейбір тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі анықталғаны айтылды.

Ұсыныстар:

Диагностика нәтижелеріне сәйкес түзете-дамыту бағдарламаларына қажетті өзгерістер енгізілсін. Әр маман жаңартылған мақсат-міндеттер негізінде жұмыс жоспарын түзетсін. Өзгерістердің орындалуы мен тиімділігі тұрақты бақылауға алынсын.

3-Мәселе бойынша


Тыңдалды:

ППҚҚ төрайымы екінші жартыжылдыққа арналған жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларын таныстырды. Бағдарламалар тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктері мен бірінші жартыжылдықтағы мониторинг нәтижелерін ескере отырып әзірленгені атап өтілді.

Ұсынымдар

Екінші жартыжылдыққа арналған жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламалары бекітілсін. Мамандар бекітілген бағдарламаларға сәйкес жұмыстарды жүйелі түрде жүргізсін. Бағдарламалардың орындалу нәтижелері келесі ППҚҚ отырысында қарастырылсын.

ППҚҚ төрайымы:  Махутова М.Х.

ППҚҚ хатшы:  Басбаева А.О.

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің
4-отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 16.03.2026 жыл.

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік бөлмесі.

Төрайымы: Балабақша директоры - Махутова М.Х.

Хатшы: Балабақша тәрбиешісі - Басбаева А.О.

Қатысқандар: Мамандар: Мухомед-Аббасов Н. псих. д-р, Ахметов В. 80 см
мамани: Суханова А. псих. пед: Басбаева А. О. 1-5
Кабидулмаева Т. тәрбиеші - Мухомедов Т.

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде

- Диагностика нәтижелері бойынша түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу.
- Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға берілетін тиісті үлгідегі құжаттардың түрлерін қарастыру.

1-Мәселе бойынша

Тыңдалды:

Педагог-психолог, арнайы педагог және педагог-логопед тәрбиеленушілерге жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижелерімен таныстырды. Диагностика қорытындылары негізінде балалардың даму ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктері айқындалып, жеке түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу қажеттілігі атап өтілді.

Ұсынымдар

Диагностика нәтижелеріне сәйкес жеке түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізілсін.

Әр маман тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс мазмұнын толықтырсын.

Бағдарламалардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізілсін.

2-Мәселе бойынша

Тыңдалды:

ППҚҚ төрайымы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға рәсімделетін құжаттардың түрлері туралы ақпарат берді. Балалардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, жеке дамыту бағдарламалары, түзете-дамыту бағдарламалары, мониторинг нәтижелері және басқа да қажетті құжаттарды жүргізу тәртібі қарастырылды.

Ұсынымдар

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған құжаттардың тиісті үлгілері назарға алынсын.

Құжаттарды рәсімдеу мен жүргізу Қазақстан Республикасы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылсын.

Мамандар құжаттарды уақытылы және сапалы толтыруды қамтамасыз етсін.

Отырыс төрайымы:

Махутова М.Х.

Хатшы:

Басбаева А.О.

**«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің
5-отырысының хаттамасы**

Өткізілген күні: 20.05.2026 жыл.

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік бөлмесі.

Төрайымы: Балабақша директоры – Махутова М.Х.

Хатшы: Балабақша тәрбиешісі – Басбаева А.О.

Қатысқандар: Махметжанова Н. пед. дед. Аманжол Б.
Ермежанов Сұханаев А. Жүзет пед. Қашшақова А.
Мұзғ. Халидуллаева А. Тренинг Мухамбетов Ж.

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібінде

1. Жеке оқу бағдарламалары бойынша мониторинг (жетістіктерін белгілеу).
2. ППҚҚ-ның жылдық есебін қарастыру.
3. ППҚҚ отырыстарының құжаттамасын қорытындылау.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Педагог-психолог, арнайы педагог және педагог-логопед ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілердің жеке оқу бағдарламаларының орындалу нәтижелері бойынша мониторинг қорытындыларын ұсынды. Әр тәрбиеленушінің оқу жетістіктері, дамуындағы оң өзгерістер мен әлі де қолдауды қажет ететін бағыттары талқыланды. Жеке оқу бағдарламаларының мақсаттарының орындалу деңгейі сараланып, келесі оқу жылына арналған ұсыныстар берілді.

Ұсынымдар:

- Жеке оқу бағдарламалары бойынша мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
- Тәрбиеленушілердің жетістіктері белгіленіп, жеке даму карталарына енгізілсін.
- Келесі оқу жылына арналған түзету-дамыту жұмыстарының бағыттары айқындалсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

ППҚҚ төрайымы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2025–2026 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары бойынша жылдық есеппен таныстырды. Мамандардың жүргізген диагностикалық, түзете-дамыту, кеңес беру және әдістемелік жұмыстарының нәтижелері талданды. Қызмет жұмысының тиімділігі бағаланып, келесі оқу жылына арналған міндеттер белгіленді.

Ұсынымдар:

- ППҚҚ-ның жылдық есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
- Есепте көрсетілген ұсыныстар келесі оқу жылының жұмыс жоспарына енгізілсін.
- Мамандардың өзара ынтымақтастығын жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.


3-мәселе бойынша


Тыңдалды:

Хатшы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырыстары бойынша жүргізілген құжаттамалардың толықтығы туралы ақпарат берді. Хаттамалар, мониторинг материалдары, жеке оқу бағдарламалары және басқа да қажетті құжаттардың талапқа сай рәсімделгені айтылды.

Ұсынымдар:

- ППҚҚ құжаттамасы белгіленген талаптарға сәйкес сақталсын.
- Құжаттарды жаңа оқу жылына дайындау жұмыстары уақытылы жүргізілсін.
- Жеке оқу бағдарламалары мен мониторинг материалдары мұрағатқа өткізілсін.

Отырыс төрайымы:  Махутова М.Х.

Хатшы:  Басбаева А.О.